

Шымкент қаласы

№53 "Ер-Асыл" бөбекжай бақшасы

"Лалагул " I кіші тобы

Ата-аналар жиналышының хаттамасы №1

Тәрбиеші: Абдираева Н

Есенбаева М

2020-2021ж

**№53 «Ер-Асыл» бобекжай бақшасының бақшасы
Лалагүл кіші тобы**

Күні: 03.09.2020 ж

Уақыты: 16:00

**Ата-аналар жиналысы
Хаттама №1**

Бала саны 25.

Қатысқаны: 14

Қатыспағаны: 11

Күн тәртібі:

1. Жаңа 2020-2021 оку жылының жоспарымен таныстыру

Баяндама: «Бала және балабақша»

2. Ата-аналар комитетін сайлау

3. Эртүрлі мәселелер

Сөз алды:

I мәселе бойынша «Лалагүл» кіші тобының тәрбиешісі Есенбаева Майра ата-аналарды жаңа оку жылымен құттықтап, жаңа оку жылындағы өзгешеліктерді және балаларды күн тәртібін сактай отырып, балабақшаға кешіктірмей алып келіп, уактылы алып кетуін түсіндіріп айтты.

Балабақшада Үлгілік оку жоспарына сай жұмыс жасайтынын, КР БФ министрінің 2012 ж 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы, КР-ның Әділет министрлігінде 2013 ж 17 қаңтарда №8275 болып тіркелгенін айтЫП өтті. КР БФ министрінің 2018 жылғы 1 қарашадағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын» негізге ала отырып, 5 білім саласы бойынша ҰОҚ қарастырылғанын айтЫП түсіндірді. Ал күнделікті ҰОҚ-нің тақырыптарын талапқа сай орындалатынын айтЫП өтті. Бақшада логопед, психолог, музика жетекшісі де қызмет атқаратынан айтты.

Биылғы оку жылында балаларға жаңартылған бағдарлама, яғни 4К моделі бойынша білім беріп, ата-аналарға әке мен шеше баланың алғашқы тәрбиешілері, ал, сол ата-аналар бала бақтының шынайы бағбаны болуы тиіс екендігін атап өтті. Ата аналармен тәрбиешілер тығыз байланыста болу керектігін түсіндіріп айтты.

Сонымен қатар, балабақшада 4 білім саласы бойынша білім берілетінін және қандай оку қызметтері, оның қалай жүргізілетінін, қандай көрnekіліктер колданылатынын айтЫП, көрсетіп берді.

Тәрбиеші Есенбаева «Бала және балабақша» тақырыбында баяндама оқыды. Балабақшаның күн тәртібін сактауды талап етті.

II мәселе бойынша тәрбиеші Есенбаева М жаңа 2021-2022 оку жылында ата-аналар комитетін сайлауды ұсынды. Ата-аналар өзара ақылдаса отырып,

Ата аналар комитеті тәрайымын сайлауды ақылдасты. Тәрайым ретінде Жувандыкова С болсын, ал көмекші Зиятбек сайланды. Ал басқа ата-аналар бірауыздан келісті.

Дауыс берді: 8

Колдады:

Колдамады:

III мәселе бойынша тәрбиешілер мен ата-аналар біріге отырып, балалардың жас ерекшелігіне қарай даму деңгейін, деңсаулығын, дұрыс тамақтануын қадағалау қажет екенін айтты. Балаларға берілетін жан-жакты тәрбие түрлері мен ойын түрлері Лалагул, тобында болатын өзгерістер жайында айтты. Балаларды балабақшага уақтылы кешіктірмей әкелуін, төлемақыны уақтылы, яғни әр айдың 10-шы жүлдізына дейін төлеуді, балаларды ауа-райына сай киіндіруді және бакшадан себепсіз қалмырмауды, ал қалған жағдайда міндетті түрде тәрбиешіге хабарын айттып, ауырып қалған жағдайда анықтама қағазын дәрігерден әкелуді айттып етті.

Шешім:

1. Ата-аналар мен балабақша тығыз байланыста болсын.

2. Ата-аналар комитетінің тәрайымы болып Жувандыкова С, көмекшісі болып

Зиятбек Н. тағайындалсын.

3. Балалар балабақшадан қалған жағдайда тәрбиешіге хабарлап айтылсын, ауырган күніне дәрігерден анықтама әкелінсін.

4. Төлемақы әр айдың 10-шы жүлдізына дейін төленсін.

5. Балалар ауа-райына сай киінсін.

Тәрайым:  Есенбаева М
Хатшы:  Абдираева Н.

Шымкент қаласы

№53 "Ер-Асыл" бөбекжай бақшасы

"Лалагул" | кіші тобы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Тәрбиеші: Абдираева Н

Есенбаева М

2020-2021ж

**№53 «Ер-Асыл» бобекжай бақшасы
«Лалагүл »кіші тобы**

**Ата-аналар жиналышы
Хаттама №2**

Күні:02.12.2021ж

Уақыты:16:00

Катысқаны:10

Катыспағаны:11

Күн тәртібі

1. «Дені саудың -тәні сау» (баяндама)
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық іс-шаралары
3. Эртүрлі мәселелер

Сөз алды:I мәселе бойынша тәрбиеші Абдираева Н «Дені саудың-тәні сау» атты баяндамасы тындалды....

Шешім:

1. Баланың денсаулығына алдымен оның ата-анасы жауапты болуы керек, бақшада жүрген кездегі деңінің саулығына педагогтар жауапкершілік алады.
2. Салауатты өмір салтын ұстану қағидасын балаға жастайынан менгерту керек.
3. Денсаулық туралы мақал-мәтелдер айтып үйренуі керек.

Сөз алды:

II мәселе бойынша тәрбиеші Есенбаева М алда келе жатқан Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық барысы туралы баяндалды. Онда әртүрлі кейіпкерлер катысатының, балаларға мерекеге сай киім қажет болатынын айтты. Сондай-ақ балабақшада мерекелік концертке арналған киімдердің жеткілікті екенін де айтып өтті. Егер де ата ана басқа киім сатып алғымыз келеді деген жағдайда қарсылық болмайтынын ескерту. Одан соң Аяз атадан сыйлық күтетіндерін, такпактарын жақсылап жаттап алу керектігін айтты. Бірақ ата-аналарсыз өтетінін ескерту. Эртүрлі билер, эндер орындалып, қызықты ойындар жүргізілетінін айтты.

Жалпы алғанда, барлық бала өнер көрсететінін, ешқандай бала сыйлықсыз қалып кетпейтінін айтып, ескерту.

Тәрбиешінің түсіндіруінен кейін ата-ана тарапынан сыйлық жөнінде әртүрлі ұсыныстар түсті.

Сөз алды:

Ата-аналар комитетінің төрайымы Бекбулатова Эсел барлық балага біркелкі сыйлық алған дұрыс болатынын, егер әркім өзі үйден жасап келер болса, оның көлемі де, бағасы да әртүрлі болып кететінін және де біреуде жалғыз баласы болса, біреулердің көп баласы болғандықтан қымбат сыйлықты алған дұрыс болатынын да ортага салды. Сол себепті де бірдей сыйлық алған дұрыс болатынын айтты. Төрайымның сөзін ата-аналар жағы қолдан, барлығы бірдей сыйлық алатын болды. Тәрбиешілер сыйлықты ата-аналардың өздері барып алу керектігін айтты.

Шешім:



1. Бұлдіршіндерге арналған сыйлықты комитет төрайымы Бекбулатова Эселге жүктелсін.
2. Сыйлықты алған келу міндеті комитет төрайымы мен көмекшілеріне жүктелсін.
3. Ата-аналар балаларына талапқа сай кигізетінін алдын ала ескертті.

Сөз алды:

ІІІ мәселе бойынша тәрбиеші Абдираева Нуржамал ата-аналарға баланың балабақшага өз уақтысында келуін және де қайтуын қадагалауды ұсынды. Келмей қалатын жағдай болса хабарласып айтып отыру керектігін айтты. Төлемақының кешікпей төленуін ескертті. Ауырып қалған балаларға міндетті түрде анықтама қағазын әкеліп беру керектігін ескертті. Баланың ұқыптылығына, тазалығына жауапкершілікпен қарауды ұсынды. Бала өзінің балабақшага келгенін сезінуі керек, таза жүруі керек.

Қаулы:

1. Ата-ана мен балабақша тығыз байланыста болсын.
2. Бала себепсіз бақшадан қалмасын, ауырган жағдайда анықтама талап етілсін.
3. Жаңа жыл мерекесіне дайындық өз деңгейінде жасалсын.
4. Төлем жарнасы әр айдың 10-на дейін толенсін.

Төрайым:  Есенбаева М
Хатшы:  Абдираева Н

Шымкент қаласы
№53 "Ер-Асыл" бебекжай бақшасы

"Лалагул " 1 кіші тобы

Ата- аналар жиналысының хаттамасы №3

Ж

Тәрбиеші: Абдираева Н

Есенбаева М

2020-2021ж

**№ 53 «Ер –Асыл» бебекжай бақшасы
«Лалагүл»кіші тобы**

**Ата-аналар жиналышы
Хаттама №3**

Күні:22.02.2022ж

Уақыты:16:30

Катысқаны:15

Катыспағаны:10

Күн тәртібі

- 1.Әңгіме: «Пайдалы ойыншықтар»
- 2.Табиғат жайлы толғаныс: «Табиғатты аялайық»(фотокөрме)
- 3.Әртүрлі мәселелер

Сөз алды:

I мәселе бойынша тәрбиеші Есенбаева Майра ата-аналарға түсіндірмे есебін берді.Осы күнге дейін балалармен өткізілген ашық оку қызметтерін және айтулы мерекелерге байланысты өткізілген ертеңгіліктер туралы айтып өтті.Ашық оку қызметтерінің де,ертеңгіліктердің де өз деңгейде өткенін атап айтты.енді алда келе жатқан 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі мен Жыл басы-Наурыз мерекесін де ауызбіршілікпен өткізіп алуды ұсынды.Балаларға арнайы такпактар берілетінін,әндер айтылып, билер билейтінін айтып өтті.

Сонымен қатар балалардың білім деңгейін қадағалау үшін бастапкы,аралық мониторинг есебін берді.Жыл басынан бері балалардың білім деңгейінің біршама жақсарып қалғанын,тілдік,тәнімдік,әлеуметтік дағдыларының орташа деңгейде калыптасқанын,сондай-ақ шығармашылық қабілеттерінің жогары деңгейде калыптасып келе жатқанын алға тартты.

Топтағы ұл-қыздардың өнерге бейімделіп қалғанын да айтты.Оған себепкөр болып жүрген музыка жетекшісі Турдалиева Ұлан апайдың енбегіне алғыс айту керектігін де атап өтті.

Сондай-ақ балалар дыбыстарды біршама меңгеріп,есептеу дағдыларының да өз деңгейде дамып келе жатқанын да атап өтті.Өз есімдерін жаза алатынын,сандарды қосып және азайту біліктерінің өз деңгейде дамып келе жатқанын айтты.Балалардың ой-өрісінің дамуына осы бақшадағы түрлі ойындарының маңызы зор екенін айттып отті.Бала білім ала отырып тәрбиені да алады және ойын арқылы жан-жақты дамиды.Сюжеттік-ролдік,үстед

үсті, саусақ театрлары және де қуыршақ театрларын орынмен колдана білудің арқасында, атрибуттар арқылы ертегіні өздері сомдап берген балалардың тілдері де, танымдық, шығармашылық қабілеттері де артатынын, сонымен катар айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы да өзгеретінін, мейірімділік, достық қарым-қатынастары дамитынын айтты.

Сөз алды:

Тәрбиеші Абдираева Нуржамал ата-аналарға табиғат жайлары фотокөрмелер үйымдастырып, көктем мезгіліне байланысты енді ауа-райының өзгеретінін айтты. Баланы табиғатты сүюге, айналасындағы қоршаган ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру үшін табиғатқа көбірек серуен жасағанының пайдасы зор екенін айттып өтті. Балага жаңбырдың пайдасы мен зиянын, басқа да табиғат құбылыстарының пайдасы мен зиянды жақтарын қалай түсіндіріп отыру керектігін ата-аналарға атап айттып берді. Табиғатты аялау керектігін түсіндіріп өтті.

Сөз алды:

III мәселе бойынша тәрбиеші Есенбаева Майра ата-аналарға балабакшамен тығыз байланыста болуды айтты. Себебі, қандай мәселе болмасын осы екі жақпен ынтымактаса отырып шешілсе, болашақ ұрпағымыздың тәрбиесі жоғары деңгейде болады деді. Сонымен қатар баланы балабакшага кешіктірмей әкелуді айтты. Күн тәртібін қатаң сактауды айтты. Бала өз уақтысында келіп, жаттығу жасауы керек, тамакты уақтылы ішуі керек. Сондай-ақ ұқыпты болып жүруі керектігін айтты. Төлем жарнасын кешіктірмей төлеу керек екенін айттып өтті. Балаларды ауа-райына сай киіндіріп әкелуді айтты.

Қаулы:

1. Ата ана мен балабакша тығыз байланыста болсын
2. Ертегіліктер өз деңгейінде өтсін
3. Баланы ауа-райына сай киіндірсін.
4. Төлем жарнасын әр айдың 10-на дейін төленсін.

Төрайым Есенбаева М
Хатшы: Абдираева Н.

Шымкент қаласы

№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы

Кіші топ «Лалагұл» тобы

Баяндама

Тақырыбы: **«Бала және балабақша»**

Тәрбиеші: Есенбаева М

Абдираева Н

2020-2021 жыл



Бала және балабақша

Балалардың алғашқы баспалдағы болып табылатын мектепке дейінгі беру мекемесі көнтеген қызметтер атқарады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің міндеттерінің бірі баланы жан-жақты дамытумен катар, балалардың мектепке дейінгі мекемеге бейімделуі мәселесін шешуі аса маңызды болып табылады. Баланың одан әрі даму табыстылығы көп жағдайда балабақшага бейімдеу жұмыстарының қаншалықты сапалы әрі дер кезінде үйымдастырылуына байланысты. Осыдан, мектепке дейінгі жастағы балалардың бейімделу мәселесінің аса маңызды екендігін аңгаруга болады.

Балалардың жаңа жағдайга бейімделу үрдісі психологтардың, психиатрлар мен әлеуметтанушылардың назарынан тыс қалған емес, аталмыш мәселе бойынша педагогикалық зерттеулер Н.Д. Ватутина, Н.Ф. Виноградова, Т.А.Куликова, С.А.Козлова, М.Л.Печора, Р.В. Тонкова- Ямпольская енбектерінде жасалған. Әрбір бала дамуы үшін балабақша қажет деген пікір кен таралған. Шынымен де балабақша балаға не бере алады? Балабақшага келген балада өзіне жақын ортамен салыстырғанда басқа нормалар үстемдік ететін жаңаәлеуметтік қатынастар туралы түсініктер қалыптасады. Олардың бастысы - әлеуметтік даму үшін жасалатын жағдайлар (құрбы-құрдастармен карым- катынас жасау мүмкіндігі, топка ену, ынтымақтасу икемділігі, белгілі бір срежелерге бағына білу, өзара әрекеттесу нормаларын сақтау т.б.). Бұл кезенде болашақ ересектік (әлеуметтік) кезеңге дайындық басталады. Қазіргі балалардың көшілігінің балабақшага баруы - мектеп алдындағы баспалдақ болып табылады. Балабақшаның негізгі міндеттерінің бірі оқыту, баланы оку үрдісіне тарту, мектепке даярлау. Баланың мектептегі болашағы балабақшадағы тәрбиешілердің дайындау деңгейіне байланысты. Олар баланың мектепте окуга ықыласын ояту үшін баланың қабілеттерін дамытып, оларда оку іс-әрекетіне деген қызығушылықты арттыруы керек. Бала өзінің жаңа рөлдеріне дағыланып, үлкендермен «ресми» қатынастар орнатуды үйрене бастайды - бұл олардың мектептің күрделі жағдайларына бейімделуіне қажет. Көнтеген аналар балаларымен жұмыс жасауда олардың оку дағыларын - окуды, жазуды, есептеуді нашар менгеретінін, яғни үнемі аландап, қызырлыққа салынатынын ескертеді. Әрине, бала анасын педагог ретінде қабылдамайды, ол педагогқа қараганда жақынырақ, қауіпсіз, эмоционалды болып келеді. Бұл үнамды рөлді өздеріне сақтап, оқыту міндеттерін мамандарға неге тапсырмасқа? Балабақшада тәрбиеші баланы ересекке жақын ұстайды. Ол тәрбиелеумен, тынығуды (бос уақытты) үйымдастырумен айналысады. Кейбір жағдайда үлкендер балаларын балабақшага бере отырып, бала тәрбиесіне жауапкершілікті тәрбиешілерге артып жатады. Бір жағынан ата- аналар тәрбиешілер балаға жақсырақ түсіндіре алады және оларға білімдер мен икемділіктерді жақсырақ бере алады деп санайды. Әрине, бұл дұрыс та шығар, себебі тәрбиешілердің балалармен карым- катынасқа тусу, тіл табысу тәжірибесі мол, әрі «балалық» сұраптарға да беретін жауаптары дайын.

Баланың балабақшага баруы ата-аналардың уақытын босатып қана қоймайды, оның баланың үйлесімді, табиғи дамуы үшін маңызы зор. Балабақшада бала мамандармен және басқа балалармен байланыска түсे отырып, жаңа деңгейде дамуға мүмкіндік алады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын жеңіл менгеріп, өзінің күн тәртібіне үйреніп, тәртіпке салынады. Балабақшада оқыту және дамыту үйдегі жағдайларға қарағанда жоғары деңгейде үйымдастырылып, мақсатты түрде жүреді. Ең бастысы, балабақшада бала қарым-қатынас сферасының дамуымен байланысты маңызды дагдыларды менгереді, байланыс орнатуды, өзінің құқығын қорғауды үйренеді. Мұндай тәжірибе балага өте қажет, оны бала бағушының немесе бала күтүшінің қарым-қатынасымен орнын толтыру көтөлік. Бұл түрғыда балабақша рөлінің маңызы аса зор. Балабақша баланың алғашкы қоғамдық мекемесі. Бала балабақшада «сауатты» тәрбиелік тәсіл көмегімен қарым-қатынастың барлық нормалары мен принциптерін менгереді.

Балабақшада бала сурет салу, жабыстыру, құрастыру техникасын менгереді. Мектепке дейінгі жастағы балада іс-әрекеттің жемісті түрлерінің дамуы үрдісінде қабылдау, зейін, киял, ойлау жетіле түседі, олардың коршаған дүние туралы түсініктері кенейеді, олар өз мүмкіндіктерін таниды. Балалардың бірлескен жемісті іс-әрекеті олардың эмоционалды, еріктік, тілдік дамуына мүмкіншілік береді. Қазақстан Республикасында жалпы ұлттық деңгейде мектепке дейін білім берудің басты мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балаға жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделетін басты құзыреттілікті менгеруге және қолайлы әлеуметтенуге мүмкіндік тудыратын толыққанды жағдай жасау және оның жеке басының дамуын кешенді сүйемелдеу, әлеуметтік позитивті қатынастар орнатуға кабілетті шығармашылық тұлға тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқытудың негізгі міндеттері:

- бала деңсаулығын қорғау және нығайту, толыққанды физикалық дамыту, Қазақстан халқының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылықтарын дамыту;
- балада коршаған дүние туралы біртұтас бейнені, өзі, әлеуметтік орта жайлы алғашкы түсініктерді қалыптастыру;
- баланы танымдық жағынан дамыту, интеллектуалды іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыру, білім құмарлықты дамыту;
- сөйлеуді және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашудың негіздерін менгеруге дайындау;
- адамның позитивті мінез-құлқының үлгісіне, мінез-құлық нормалары мен ережелеріне, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сай құндылық адамгершілік бағдарларын қалыптастыру;

- отан мен тұған жерге деген сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздерге деген күрметті, қоршаған дүниеге, отбасына, әртүрлі ұлт адамдарына деген гуманды қатынастарды тәрбиелеу;
- балада эстетикалық сезімдерді дамыту, бейнелеу, бейнелеу- сөйлеу, музыкалық іс-әрекетте шығармашылық қабілеттерді дамыту;

Әртүрлі негізdemeler бойынша әртүрлі жастағы мектепке дейінгі топтар құрылуы мүмкін: баланы психофизикалық және интеллектуалды дамыту, ата-аналардың балаларды белгілі бір бағдарламалар бойынша оқытуын қалау, балалардың туыстық қатынастары және т.б.

КР мемлекеттік білім беру стандартында мектепке дейін оқыту және тәрбиелеу бойынша бір жастан алты жасқа дейінгі балаларды дамытуға негізгі талаптар көрсетілген. Мектепке дейін базалық білім беру мазмұны білім беру іс-әрекетінің нәтижесі ретіндегі құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.

1. Денсаулық сактау құзыреттілігі мүмкіндік береді:

■ өзінің физикалық денсаулығын қоргауга және өмір қауіпсіздік ережелерін сактауға;

- қимыл-қозғалыс дағдыларын менгеруге;
- қозғалыс көмегімен әртүрлі жағдайларға байланысты өзінің эмоциялық қүйін білдіруге;
- жеке гигиена дағдыларын және денсаулық сактау негіздерін игеруге.

1. Коммуникативті-тілдік құзыреттілік мүмкіндік береді:

- ана тілінде және басқа тілде қарым-қатынас орнатып, өзара әрекеттесу үшін ауызша коммуникацияның әртүрлі құралдарын қолдануға;
- тілдің қажетті лексикалық, грамматикалық құралдарын тандауға және оларды ойындарда, басқа іс-әрекет түрлерінде сөздік шығармашылықта қолдануға мүмкіндік береді;

1. Танымдық құзыреттілік мүмкіндік жасайды:

- қоршаған дүниеге қызығушылықты оятуға;
- дұрыс қойылған міндетке іс-әрекет тәсілін тандауға;
- қойылған мақсатқа жетуге;
- экологиялық білімдерді меңгеруге;
- сұраптар коюға, тәжірибе жасауға, себептік байланыстар орнатуға;
- конструктивті іс-әрекеттегі ойларын жүзеге асыруға;
- жалпы ұғымдар негізінде заттарды біріктіруге және оларды сөзben білдіруге;

1. Шығармашылық құзыреттілік мүмкіндік береді:

- музика, өнер туралы білімдер негізіне қызығушылық көрсетуге;
- дұрыс мәнерлі құралдармен (тұс, пішін, композиция және т.б.) жеке көркемдік бейнелер жасауға;
- көркемдік шығармаларға, халық шығармашылығына өзіндік қатынасын білдіруге;

1. Әлеуметтік құзыреттілік мүмкіндік береді:

- мінез-құлықтың дұрыс альтернативасын таңдауға;
- өз мүмкіншіліктерінің шегін білуге;
- құрбы-құрдастарымен және үлкендермен бірлескен іс-әрекетке түсуге;
- Қазакстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың мәдениетінің құндылықтарын түсінуге.

Әрбір жас кезеңі құзыреттіліктің белгілі бір деңгейін менгеруімен сипатталады. Баланың одан әрі табысты дамуы балабақшага бейімдеу бойынша жұмыстардың сапалы, әрі дер кезінде ұйымдастырылуына байланысты. Сондықтан, мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшага бейімделуі мәселелердің бірі болып табылады.

Шымкент қаласы

№53 «Ер -Асыл» бобекжай- бақшасы

Кіші топ «Лалагұл» тобы

Баяндама

Тақырыбы: «Дені сау анадан –дені сау бала туады»

Тәрбиеші: Есенбаева М

Абдираева Н

2020-2021 жыл



Дені сау анадан дені сау бала туады

Ана мен бала денсаулығы медицина саласының ең өзекті әрі көкейкесті мәселеңі екені анық. Керек десеңіз, бұл үлт байлығы. Халқымыздың баянды болашағы, мемлекетіміздің ертең жарқын күні бұл ана мен бала денсаулығының қандай болмағына тікелей байланысты. Еліміздің даму көгіндегі темірқазығы – «Қазақстан 2030» бағдарламасының қабылданғанына да 20 жылдан асты. Бағдарлама қабылданған уақыттан бері оның жоспарланған мерзімі, 33 жылдың да тен жартысына таяуы артта қалды. Осы аз ғана жылдың ішінде Қазақстан 20 емес, 200 жылда қол жете бермейтін ұзак бұрын бағындырыды. Айтулы күжатта жолды жүріп өтті. Бағдарламада көрсетілген талай межелерді мерзімінен Қазақстанның дамуына қажетті сан тармақты салалардың әрқайсысы жіліктеліп, әрқайсысының баар бағыты мен алар асуы нақты көрсетілген. Солардың бірі – азаматтардың денсаулығын, білімін және ырысын жақсарту. Бұл тармақтың мақсаты – тұрғындарды салауатты өмір салтына ынталандыру, зиянды әрекеттердің алдын-алу, турлі аурулардың алдын-алу, ана мен бала денсаулығын қорғау. Бұғынгі таңда біздің бүкіл жұмысымыз денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда» [1]. Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар: ауру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдіктің, темекінің, есірткінің зияндығына, кимыл-қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үтін-насихат жұмыстарына негіз салды.

Денсаулықтың жоғары дengейіне жетудің ең маңызды мақсаты салауатты өмір салтын және азаматтың өз денсаулығына деген жаңа көзкарасын қалыптастыру болып табылады, бұл әр адамның табиғи және ішкі қажеттілігіне айналуға тиіс.

Бір ғана мысал айта кететін болсақ: елімізде күн откен сайын шылымкорлар саны артып барады. Соның ішінде қыз-келіншектердің темекіге үйірлігі аландаушылық тудырып отыр. Болашақ үрпағымыздың денсаулығының қандай болуы бұғынгі күні қыз-келіншектердің денсаулықтарына қалай карайтынымен өлшенеді. Салауатты өмір салтын ұстану зиянды әдеттерден аулақ болып, спортпен айналысумен қоса – дұрыс тамақтанған білу. Өкінішке карай, халқымыз көбінесе дұрыс тамақтануға жеткілікті көңіл бөле бермейді. Адам майлар тамақтармен қатар, тұзды, куырылған тамактардан өзін шектеп отыруы керек. Сондай-ақ құстың, балықтың, жылқының етін араластырып жеуді үйрену керек. Яғни дұрыс тамақтану – салауатты өмір салтын сақтаудың кепілі. Денсаулық сақтау үйімің күні жасалып отырган бағдарламасы бойынша адам еттен гөрі жеміс-жидектерді, кекеністерді көбірек пайдаланғаны жөн. Егер біз салауатты тамақтанған білсек, бүйрек, кантамырлары ауруы мен ісік ауруларының азаюына мүмкіндік туар еді. «Ауру – астан» дейді. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстануды дұрыс тамақтанудан бастау қажет.

«Біздің негізгі мақсатымыз — тұрғындардың денсаулығын жақсарту және азаматтардың өз денсаулығына деген ынтымақты жауапкершілігін қалыптастыру, жастардың арасында дene шынықтыруды және спортты насиҳаттау, сонымен қатар, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Жылдың бас құжатында «Адам науқастану оның өзіне тиімсіз екенін түсінуі керек. Бізде денсаулық сактау тегін, бірак, бүгінде зейнетакы қорларында жасалып жатқандай, болашақ — медицинадағы сактандыруды. Адамның өзі, оған жұмыс беруші және мемлекет жауапкершілікте болады. «Адамның денсаулығы негұрлым нашар болса, ол соғұрлым аз сактандырылады, негұрлым жақсы болса, сактандыру сомасы да соғұрлым көп болмак» делінген Жолдау мәтінінде.

Бұл айтылғандар «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» қағидасымен үндесіп жатқанын денсаулықтың басты байлық екенінен хабары бар әрқайсысымыз-ақ жақсы ұғынамыз.

«Сактансаң – сақтармын» делінетін қағида да біз үшін жат емес. Сондыктan, біздің мақсатымыз – тұрғындарға «кез келген аурумен құресу — тек медицина қызметкерлерінің ғана міндеті емес, ол ең алдымен сіз бен біздің міндетіміз, оны жену үшін әрбір азамат, әрбір жасеспірім өз бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруы керек екендігін түсіндіру. Себебі өз денсаулығымызға біз өзіміз ғана жауаптымыз. «Ұзак және бақытты өмір сұру — тек біздің өз қолымызда» деген қағиданы ұғындырып, өз денсаулықтарын сактауға және нығайтуға үйрету. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында үйимдастырылатын іс-шараларда, салауатты өмір салтының басты аспектін түсіндіре отырып жұмыс жасау»[2]

Ана мен бала денсаулығын қорғау сұраптары әрбір адамға қатысты. Ана денсаулығы деп жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезіндегі әйелдер денсаулығын айтамыз. «Жаңа туылған нәрестелер денсаулығы-олардың өмір сүруіндегі алғашкы айдағы денсаулығы. Әлемнің кейір аудандарындағы медико-санитарлық көмек алудағы әділетсіздік — жоғары ана өлімін және бай мен кедей арасындағы айырмашылықты қорсетеді. Жалпы ана өлімі оқиғалары (99%) дамушы елдерде болып жатады. Осы оқиғалардың үштен бірі – Оңтүстік Азияда және басым көпшілігі – Африкадағы Сахара шөлінің онтүстігінде кең таралған. Эйелдер неге өледі? Жүктілік және жүктіліктен кейінгі және туу кезіндегі асқынулардың өршуі нәтижесінде әйелдер өледі. Осы асқынулардың көбісі жүктілік кезінде өршиді және оларды болдырмауға болады. Жүктілікке дейін болған асқынулар жүктілік кезінде күшеюі мүмкін, әсіреле қадағалауда болмаса. Аналар денсаулығын қалай қорғауға болады? Ана денсаулығы мен жаңа туылған нәресте денсаулығы тығыз байланыста. Шамамен 2,7 миллион жаңа туылған нәрестелер жыл сайын өледі және тағы 2,6 миллионы өлі болып туылады. Барлық босандыруларда білікті мамандардың болуын қамтамасыз ету өте маңызды, себебі уактылы көмек көрсету және емдеу, ана мен бала өміріне байланысты»[3].

Кенес беру сонында біз болашақ ата-аналардың жалпы денсаулығы және олардың таңдаған өмір салты аналар

денсаулығы мен балалардың өміріне, созылмалы аурулардың өршүіне ықпал етеді деген қорытындыға келдік. Салауатты өмір салты ол зиянды іс-әрекеттерден (мысалы, темекі шегу, занға қарсы есірткі шегу, арак ішү және қауіпсіз нәпсіқорлық іс-әрекеттерден сактанбау) бас тарту және дұрыс тамактану, физикалық белсенділік. Болашақ ата-аналар денсаулығына байланысты мәселелер болса скринингтік тексеруден өтулері керек. Егер осындай мәселе болса, ана мен жаңа туылған нәресте денсаулығын жақсартуды қамтамасыз ету үшін дұрыс диагноз қоюы, емдеу курсынан өтуі керек.